

8 Baitursynuly A. Til taǵylymy. «Şora» jurnaly, 1913, № 4, 110 – 113.

МРНТИ 16.01.11

Досова А¹.

¹ А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Ұлт - тіл - мәдениет контексіне байланысты сол тілде сөйлеушінің әлеміне ерекше көңіл бөлу тіл білімінің басқа да ғылымдармен тоғысуына әкелді. Осының нәтижесінде қазіргі тіл білімінде лингвистикалық зерттеулердің интеграциялық зерттеулердің интеграциялық сипаты қалыптасуда. Солардың ішінде тілді ұлттық ой-сана дүниетаным, мәдениет, тарих, этностық рухты бейнелейтін таңба ретінде қарастыратын лингвомәдениеттану саласы. «Этнолингвистика» деген атаудың құрамында тіл мәдениеттің сабақтастығы айқын көрініс табады. Қазақ тіл білімінің бастауында тұрған ғалым А.Байтұрсынұлының еңбектерін жаңа танымдық тұрғыдан зерделеп, бүгінгі жаңа парадигма аясында қарастырудың мәні зор. А.Байтұрсынұлының «Әдебиетанытқыш» еңбегінде ұлттық дүниетанымды айшықтайтын тілдік бірліктер көп кездеседі. Сондықтан ғалым мұрасының этнолингвистикалық сипатын талдап, ашу жұмысымыздың өзектілігін айқындайды.

Түйін сөздер: тіл, этнолингвистика, ұлттық дүниетаным, әдебиеттану, сөз өнері

Dossova A¹.

¹A. Baitursynov Kostanay Regional University

ETHNOLINGUISTIC ASPECT OF WORK OF A.BAITURSYNOV «LITERATURE STUDIES»

Abstract

In connection with the context of the nation-language-culture connection, special attention was paid to the world of the native speaker, this led to the fusion of linguistics with other sciences. As a result of this, the integrative nature of linguistic research is being formed in modern linguistics. Among them is the sphere of cultural linguistics, which considers language as a symbol of national worldview, culture, history, ethnic spirit. In the context of Ethnolinguistics, the continuity of the language culture is clearly manifested. Studying the work of the scientist AkhmetBaitursynov from such a new cognitive point of view, within the framework of a new paradigm, is of great importance. In A. Baitursynov's work «Literaturestudies», there are linguistic units that reveal the national worldview. Therefore, the analysis and disclosure of the ethnolinguistic nature of the scientist's heritage determines the relevance of our work.

Keywords: language, ethnolinguistics, national outlook, literary criticism, verbal art.

Досова А.¹

¹Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынова

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ТРУДА А.БАЙТҰРСЫНОВА «ЛИТЕРАТУРОВЕДЬ»

Аннотация

В связи с контекстом соединения нации-языка-культуры особое внимание уделялось миру носителя языка, это привело к слиянию языкознания с другими науками. В результате этого в современном языкознании формируется интеграционный характер лингвистических исследований. Среди них сфера лингвокультурологии, рассматривающая язык как символ национального мировоззрения, культуры, истории, этнического духа. В контексте «Этнолингвистики» ярко

проявляется преимущество культуры языка. Изучение работы ученого Ахмета Байтурсынова с такой новой познавательной точки зрения, в рамках новой парадигмы, имеет большое значение. В работе А.Байтурсынова «Литературоведы», встречаются языковые единицы, раскрывающие национальное мировоззрение. Поэтому анализ и раскрытие этнолингвистического характера наследия ученого определяет актуальность нашей работы.

Ключевые слова: язык, этнолингвистика, национальное мировоззрение, литературоведение, словесное искусство

Кіріспе. «Әдебиет танытқыш» – Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалған. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынов – тіл терминдерін жасауда қандай кеменгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кеменгер, данышпан.

Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынов фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Тоқсан жылдан астам өткен еңбектегі ғылыми теориялар дәл бүгін көкейкесті, өзекті болып отыр. Оның қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерттеу объектісі етіп қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Ең алдымен ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, текстологиясы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады. Қоғамдық, тарихи-эстетикалық, философиялық білім мығымдығы үнемі сезіліп отырады.

Әдістеме. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы мен этнолингвистикаға қатысты ғылыми терминдерді талдау-жинақтау әдістері қолданылды.

Талқылау. ХХ ғасыр басында қазақ әдебиеттану ғылымында А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» тілтану, әдебиеттанудың негіздерін, асыл сөздің стильдік, жанрлық арақатынасын, көркем сөз өнерінің тіл білімі ғылымына қатысты мәселелерін бір арнада, бір-бірімен қатар зерттеп, жүйелеп берді. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыштың» алғысөзін яғни «Андатуын» өнердің түрлерін саралаудан бастайды: «Айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе – табиғат дүниесі, адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе – өнер дүниесі болады» [1, 164]. Ал, әлемдік ғылымда өнердің түрлері – бейнелеу өнері және сөз өнері болып жіктеледі. «Әдебиет танытқышта» осы жүйе қазақ болмысына жақын ұлттық негізде айқындалған. Ғалым өнерді материалдық жағынан күн көру үшін жұмсалатын өнер – «Тірнек өнері» – үй салу, арық қазу, етік тігу, арба істеу, киіз басу, ыдыс жасау яғни «жан сақтау» және рухани жағынан көркемшілік үшін «Көрнек өнері» – әдемі ән, әсем күй, ажарлы сөз яғни «жан қоштау», -деп бөледі.

А.Байтұрсынұлы сөз өнерін өзге өнердің бәрінен де жоғары қояды да, өнер не үшін керек? , өнердің мәнісі не? деген сауалдарға жауап береді. Оның мәнісін ғалым қазақтың сөз баққан, сөз күйттеген, сөз қадірін білген халық екендігімен байланыстыра отырып, оның атқаратын қызметіне назар аударып, «Өнердің ең алды – сөз өнері» деген қағиданы дәлелдейді. «Өнер алды – қызыл тіл» дейтін мақалына сүйеніп, сөз өнерінің қазақ елі тағдырындағы айрықша рөліне тоқталады. Сонымен қатар, сөз өнерінің өнердің басқа түрлерінен яғни сәулет, сымбат, кескін, әуез өнерінен айырмашылығын, артықшылығын түсіндіре отырып талдайды. «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді, ал көркем сөздің тегі мен түрін «жан қоштау» керегінен шыққан нәрсе»,– деп түйіндейді [2, 165]. Өнерді бұлай жіктеудегі ғалымның алға қойған мақсаты – өзі зерттейтін сөз өнерінің басқа өнер салаларынан ерекшеленетін айырмашылығын түсіндіру.

А.Байтұрсынұлы сөзбен суреттеудің, сипаттаудың, кескіндеудің небір асыл үлгілерін Абай, Мағжан, батырлық жырлар мен халық ақындарының өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Бұл саладағы өз тәжірибесін де ортаға салады.

«Әдебиет танытқышта» айтылғандай, «сөз өнері адам санасының үш негізіне: ақылға (аңдау, ұғу, тану), қиялға (меңзеу, ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау), көңілге (түю, талғау)» тіреледі. Ойын, қиялын, көңіліндегі мүддесін тілмен айтып жеткізу үшін «сөз шығарушылар лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажет,» -деп ескертеді.

Ғалым атаған жоғарыдағы үш тірек яғни «ақыл, қиял, көңіл» туралы Г.Пірәлиева былай дейді: «аталған үш негіз – адамның жан жүйесін (Ж.Аймауытов), санасын зерттейтін жазушылардың негізгі объектісі. Ақыл, қиял, көңіл терең зерттелмей, адам табиғаты жан-жақты танылып, оның ішкі жан дүниесіне тереңдей ену мүмкін емес. Демек, әдебиетті – сөз өнері арқылы адамды зерттейтін ғылым яғни адамтану ғылымы деп алғаш рет А.Байтұрсынұлы айтып, ғылыми айналымға енгізген» [3, 8].

«Әдебиет танытқышта» өнер атаулыға қойылатын жалпы шарттар мен талаптар, әдебиеттің сыр-сипатын танытатын тұстары осылай жан-жақты баяндалған, нақты деректермен толықтырылған. Сөз өнерінің құдіретті күші арқылы кез келген адам сәулетті сарайдың көрінісін де, адамның кескінін де, табиғат суреттерін де құйып қойғандай шындық бейнеде бере алады. Ал, көркем өнердің басқа салаларында бірінің қызметін келесісі атқара алмайды.

А.Байтұрсынұлы асыл сөздің теориялық ұғымдарына, оның өзіне тән қасиеттері мен әдеби көркем шығарманың құрылымына, сыртқы сипаттарына тоқталып, алғышарттарын да атап-атап береді. «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – шығарма сөз. ... ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын – бәрі де шығарма. Қазақша – асыл сөз», арабша – әдебиет,» [1, 170] – дейді.

Әл-Фараби трактаттарында: «Адамның бойына дарыған ойлау, зерттеу, тексеру, үйрену және оқу арқылы» [3,233] танып білетін қасиеттер жайында жазған. Осы нәрселерді біз сөз өнері арқылы жүзеге асырамыз. Сөз өнері деп, асылында нені айтамыз? деген сауалға А.Байтұрсынұлы былай жауап береді: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді яки қиялымызды яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. ... Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер-ғылымды қорек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы» [1,176] туады деп, оны екіге бөледі. 1. «Тіл қисыны – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым» деп, стилистиканың негізгі міндетін нақтылап алады. 2.«Лебіз ғылымының мақсаты – асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын» яғни поэтиканың негізгі міндеттерін де белгілейді.

Біздің пікірімізше, бұл жерде А.Байтұрсынұлы поэтиканың бірден-бір тірегі деп ең алдымен тіл заңдылықтарын айтып отыр. «Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сыйпатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сыйпатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады» [1,178].

«Әдебиет танытқыштың» поэтикасы стилистикалық шарттармен ғана шектелмейді яғни дұрыс әңгіме жазу үшін тілдік шарттарды білу аз, оған қоса «жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, сонда ғана шығарма пікірлі, әсерлі, әдемі болып» [1,176] шықпақ. Теориялық еңбекте «лебіз ғылымының мақсаты» тек тіл білімінің негіздік категорияларының аясында ғана емес, күрделі пәлсапалық және эстетикалық теориялармен бірлікте зерттелінеді. Ал, «Тіл я лұғат қисыны» (стилистика) – тіл өңі жағынан асыл сөздің заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Осы тарауда А.Байтұрсынұлы сөз өнерін сәулет өнерімен салыстыра талдайды.

«Әдебиет танытқышта» көркем шығарманың табиғаты, оның тақырыбы, құрылымы, әңгімедегі пікір сабақтастығы жөнінде де келелі тұжырымдар бар. Мысалы, әдебиеттің тақырыбы – бұл ғылыми еңбектің тақырыбы емес, оның да өзіндік өзгешеліктері бар. Олар қандай? Жазушы белгілі бір тақырыпқа қалай барады? Тақырыптың шығарма идеясымен сабақтастығы қандай? Осы сауалдарға ғалым өз тұжырымы мен жауабын береді. Кез келген әдеби шығарманың тақырыбы, сюжеті, мазмұны бір-бірімен қабысып, сабақтасып жататындығы белгілі.

Көркем шығарманың қандай белгілері бар? Оның талаптары қандай?, шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері, қазіргі лингвистикалық стилистика жағынан талданатын теориялық объектісі «Әдебиет танытқышта» нақтыланған. Мысалы: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. «Тысқы сындар»: 1.тілдің лұғатының сыны яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны; 2.Сүгіретінің сыны яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп суреттеу. «Ішкі сындар»: 1. алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген

қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда дұрыс болып шығу-шықпауының сыны; 2. Өмір жүзінде айтылған нәрсесінің болатын себебін адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайдазиян) қуатының бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда әдебиет түрінің осы төртеуі де түгел жұмсалады» [1, 269].

Ғалымның ұлылығын З.Қабдоловтың: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал, басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік,» [4,72] – деуі де заңдылық.

Нәтижелері. «Әдебиет танытқышта» сөз талғау, сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі турасында сөз болады. Мысалы: «көрнекі тіл» немесе «көріктеу әдістері» деген қазақша атау беріп, 3 тапқа (көріктеу, меңзеу, әсерлеу) бөліп, оның «көріктеу», «меңзеу» (теңеу – әншейін теңеу, әдейі теңеу), «ауыстыру», «бейнелеу», «дамыту», «алмастыру», «кейіптеу», «әсірелеу», «мезгеу», «әсерлеу» (лептеу), «арнау» («сұрай арнау», «зарлай арнау», «жарлай арнау» түрі бар), «қайталақтау», «шендестіру», «түйдектеу», «бүкпелеу» сияқты түрлерін анықтап береді.

«Әдебиет танытқышта» «шығарма тілі екі түрлі болады» [1,175]. Ақын тілі яғни айрықша өң беріліп айтылған сөз – көрнекі лебіз; 2. Әншейін тіл яғни өң берілмей, жай айтылған сөз – көсе лебіз. А.Байтұрсынұлы нақтылаған «Ақын тілі» деген «пән сөзі».

Ахмет Байтұрсынов «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек,» [1, 95] - деген ұлы талабын өзі нақты іске асырды.

Ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді. Адамзаттың балалық шағындағы табиғат құбылыстарын кереметке жору, жоққа илану, дәу, пері, жезтырнақ, жалмауыз секілділерден қорқып, пері-періштеге, аруаққа сену салдарынан туған шығармаларға баға береді. Жазу-сызу жоқ дәуірде туған жырлардың ауыздан-ауызға, заманнан-заманға көшуі, батырлар жырының бір адамның сөз болудан шығып, мың адамдікі, жұрттыкі, ұлттыкі болу себептері айтылады, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты жырлар мысалға алынады. Ертегі секілді ескі сөздердің әркім өзгертіп, өң беріп, құбылтуына орай жалпылық сипат алатынын түсіндіреді, олардың неге халық шығармасы, халық әдебиеті есептелетінін анықтап береді. Осы тұста Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі» [1, 80].

«Әдебиет танытқыштың» үлкен бір тарауы жазба әдебиет мәселелеріне арналған. Ахмет Байтұрсынов негізінен «жазу әдебиет» деген терминді қолданады, кейде «жазба әдебиет» деп айтады. Жазудың қазаққа дін арқылы келгенін кеңінен ұқтыра отырып, осы істегі қожалардың, ноғай молдалардың дін шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлең арқылы тарату әрекеттерін көрсетеді, олардың ақын болмағандықтан, әңгіменің қисынымен қызықтырып, тамұқ азабымен қорқытып, жұмақ рахатымен үміттендіргенін ескертеді. Қожа, молдалар ішінен Шортанбай, Ақмолда секілді ірі ақындарды көрсетеді. «Зарқұм», «Сал-сал», «Сейфұл-Мәлік» секілді Қиссалар аталып, Жүсіпбек Шайхы Исламұлының «Мұса мен Қарынбай» Қиссасы, Шортанбай, Әбубәкір, Молда-Мұса шығармалары талданады.

Қазақ әдебиетінің дамуына, әсіресе, әсері күшті болған Абай шығармалары екенін, сындар дәуірдің басы Абайдан басталатынын кесіп-пішіп тиянақтайды. Абайдың сөзге талғау кіргізгені, әдебиеттің басты-басты сипаттарын анықтағаны «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» өлеңін мысалға келтіру арқылы көрсетеді. Ахмет Байтұрсынов жаңа әдебиет тудыруда талғамның, өнегенің, үлгінің, ықпалдың, әсердің рөлін айта келіп: «Қазақтың сындар әдебиеті Еуропа үлгісімен келе жатыр. Және сол бетімен баратындығы да байқалады. Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанмен, ілгеріде болуға ықтимал,» - деген көрегендік тұжырым жасайды.

Жазба әдебиеттің сындар дәуірінің дарынды сөздерін автор үш топқа бөліп қарайды, олар: 1. Әуезе. 2. Толғау. 3. Айтыс-тартыс. Бұлар қазіргі әдебиеттану тұрғысынан айтқанда – эпос, лирика, драма. Әуезенің түрлері былай бөлінеді: 1) Ертегі жыр; 2) Тарихи жыр; 3) Әуезе жыр; 4) Ұлы әңгіме (роман); 5) Ұзақ сөз; 6) Ұзақ әңгіме; 7) Көңілді сөз; 8) Мысал; 9) Ұсақ әңгімелер. Бұлардың ішінен зерттеуші «Ұлы әңгіме, яғни роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде

суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз» деген анықтама жасайды да, жанрдың негізгі белгілерін тұтас түгелдеп береді. Роман тақырыбы, уақиға және уақыт, ұлы істер мен кіші істер, шиеленістер, тартыстар, амал-әрекеттер, мінездің іштен туатындығы, оның өзгеруіндегі үй-іші, мектеп, төңіректің ықпалы деген мәселелерді айта келіп, ақырында автор негізгі ойын кейіп (тип), кейіпкер (герой) проблемасына орайластырып, ақырында: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірі-ұсақ істері болғандықтан, ол істері біріне-бірі ұласып, біріне-бірі оралып, байланысып жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес,» - деген роман жанрының табиғатын ашатын терең ой қорытады. Қазақта әлі ұлы әңгіме жоқ деп келіп, Міржақыптың «Бақытсыз Жамалын» өресі мен өрісі шағын болғандықтан ұзақ әңгімеге жатқызады. Ұсақ әңгіме ретінде Мұхтардың «Оқыған азамат», Ысмағұлдың «Қалайша кооперация ашылды», «Автономия», Міржақыптың «Қызыл Қашар», Бейімбеттің «Айт күні» шығармалары мысалға келтіріледі. Әуезе жыр үлгілері қатарында Мұхаметжанның «Топжарған», Шәкәрімнің «Жолсыз жаза», «Қалқаман – Мамыр», Мағжанның «Батыр Баян» (кітапта «Батыр Баян» деп жаңсақ берілген), ал аңыз ретінде Мағжанның «Қорқыт» туындылары ұсынылған.

Байтұрсынов лириканы – толғау етіп алып, осы әдеби тектің қыр-сырын ерекше тиянақты талдап, орасан терең пікірлер тұжырымдап, сұлулық, көркемдік, әсемдік, шеберлік табиғатына қатысты ойларын бажайлай жеткізеді. Ықшамдап, жинақтап айтқанда Ахмет Байтұрсынов лирикаға (толғауға) мынадай шарттар қояды:

1. Ішкі шарты: а) Толғау жалпы сырлы болуы керек. Ақын толғауы да өз көңілінің күйін айтады. Бірақ ол күй өзгеге түсінікті болуы тиіс. Күйі түсінікті болмаса, өзгеге әсер ете алмайды;

ә) толғау шын сырлы болуы тиіс. Өтірік жай сөзге де жараспайды. Толғау сияқты сырлы шығармаға өтірік жараспақ түгіл, бүлдіреді. Сондықтан күйлі толғау көңілде шын болған күйден шығу керек. Бұрынғы қазақ ақындарының мақтау, құттықтау өлеңдерінің көбі қадірсіз болып кетуі шын көңілден шын толғау болып шықпағандықтан;

б) толғау таза болуы тиіс – нас, былғаныш, нәжіс әдемі нәрседен шықса, көңілге қандай әсер етеді? Толғау сөзге былғаныш сөз, былғаныш пікір қатысса, о да сондай әсер етеді;

в) толғау көңілдің тереңдігі күйінен хабардар етуі керек. Күйдің бер жағынан шыққан оқушының көңілінде терең із қалдыра алмайды;

2. Тысқы шарты: а) толғау қысқа болуы тиіс. Көңіл күйінің көбі-ақ бір қалыпта ұзақ тұрмайды. Көңіл күйінен шығатын толғау көңіл табиғатына қарай ұзын болмасқа тиіс, ұзын болмайды да. Нағыз толғаулардың көбі-ақ 4-5 ауыз өлеңнен аспайды;

ә) толғау әуезді сөзбен айтылуы тиіс. Адамның көңілінің күйін жақсы білдіретін – күй мен ән. Әннен соңғы көңілге көбірек әсер беретін - әуезді сөз, әуезді күшін көбейтетін өлең түрде айтылуы тиіс.

Қорытынды. «Әдебиет танытқыш» жөнінде жасалған тұжырымдарды жүйелей отырып, мынадай түйінді байламдар жасауға болады.

Біріншіден, «Әдебиет танытқыш» – ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ әдеби-теориялық ойын, ғылыми жетістігін жоғары дәрежеде қорытындылаған алғашқы кәсіби, құнды еңбек.

Екіншіден, «Әдебиет танытқыш» – қазақтың таза ұлттық әдебиетінің теориялық болмысы мен бітімін белгілеп, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдісі мен амалын дәл анықтайтын теориялық оқу құралы.

Үшіншіден, А.Байтұрсынұлы – ежелгі әдебиет нұсқаларын және орыс тіліндегі теория оқулықтары мен кітаптарының жетістіктерін терең меңгере отырып, қазақша жатық тілмен, ұлттық рухта теориялық тұжырымдарды қалыптастырған қазақтың тұңғыш әдебиеттанушы ғалымы.

Төртіншіден, зерттеу жұмысында А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» ұлттық ойлау жүйесі мен психологизм мәселесі, ұлттық сөз өнерінің танымдық және эстетикалық мәні сараланды.

Бесіншіден, «Әдебиет танытқыштағы» кәсіби терминдер жүйесі ұлттық танымға лайықтығы талданып, қазіргі қазақ әдебиеттануындағы тарихи орны, мәні мен маңызы қорытылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Байтұрсынұлы А. *Бес томдық шығармалар жинағы.*-Алматы: Алаш мұрасы. Т.3.-2005.-352 б.

2 Сейілхан А.Қ. *Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні. Канд. дисс. автореф.* Алматы, 2001ж.

3 Шонанұлы Т. Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында. Наурыз, 1923 жыл (Дайындаған: Байғалиев Б) // Жұлдыз № 2, Б. 123-128, 1992.

4 Жанпейісова С. Е. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы (Қазақ ақын- жазушыларының шығармалары бойынша) //Канд. дисс. автореф. Алматы, 1996 ж.

References:

1 Baitürsynūly A. *Bes tomдық шығармалар жинағы*. -Almaty: Alaş mūrası. Т.3.-2005.-352 б.

2 Seülhan A.Q. *Qazaq tilindegi etnografızmderdıñ lingvomädeniettanymdyq mäni*. Kand. diss. avtoref. Almaty, 2001j.

3 Şonanūly T. *Ahmet Baitürsynūly halyq aǵartu jäne ädebiet calasynda*. Nauryz, 1923 jyl (Daiyndaghan: Baiǵaliev B) // Jūldyz № 2, B. 123-128, 1992.

4 Janpeisova S. E. *Qazaq tiliniñ ruhani mädeniet leksikasy* (Qazaq aqyn- jazuşylarynyñ шығармалары бойынша) //Канд. дисс. автореф. Алматы, 1996 ж.

МРНТИ 801.679.9

Есенова Қ. Ө.¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

АКАДЕМИК ШОРА САРЫБАЕВТЫҢ БАСПАСӨЗ ТІЛІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада академик Шора Сарыбаевтың баспасөз тіліне қатысты ғылыми тұжырымдары талданады. Баспасөз тіліндегі сәтсіз аудармалардың, вариант сөздердің, бейәдеби тілдердің қолданысы әдеби норманы бұзатыны туралы пікірлері көрсетіледі. Ғалым Ш.Сарыбаев 1920-30 жылдардағы жаңа сөздердің әдеби тілге ену, енбеу динамикасы туралы тұжырымдары талданады. 1999 жылы жазылған «Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар» атты мақаласындағы тәуелсіздік кезеңдегі газет, журналдар тіліндегі бірқатар ерекшеліктер талқыланады. Кеңестік дәуірдегі бір ғана идеологияны қолдайтын қоғамның газет, журналдарының тілі мейлінше әдеби тілде жазылуы, стильдік және орфографиялық қатесіз жазылуы қатаң сақталды. Бірақ ғалым Шора Сарыбаев көрсеткендей баспасөз тілінде орыс тілі арқылы енген жаңа шетілдік сөздерді аударуда, дұрыс балама табуда қиындықтар туындаған. Ғалым мерзімді баспасөз арқылы жаңа қолданыстар тез таралатынын ескере келіп, газет, журналдарда терминком бекітпегенше балама атаулар негізгі сөзбен қатар қолданылғанын дұрыс санайды. Себебі, кейбір аудармалар сәтсіз болуы мүмкін деп есептеді.

Түйін сөздер: БАҚ, баспасөз тілі, ғалым тұлғасы, әдеби тіл, норма

Essenova K. ¹

¹ *Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

RESEARCH OF ACADEMICIAN SHORA SARYBAYEVA ON PRESS LANGUAGE

Abstract

The article analyzes the scientific achievements of academician Shora Sarybaev about the language of the press. It deals with opinions on violations of literary norms in the use of incorrect translations, and the use of many variant words and non-literary slang in the Kazakh media are presented. Scientist Sh. Sarybaev analyzes the conclusions about the dynamics of the penetration of new words into the literary language in 1920-30. A number of features of the language of newspapers and magazines of the period of independence are discussed in the article of the scientist Sh. Sarybaev "New applications of the language of the media", written in 1999. The language of the press of the society that supported the only ideology of the Soviet era was written in a literary language, with strict stylistic and spelling norms. However, the scientist Shora Sarybaev noted that there are difficulties with the translation of new foreign words in the media. Difficulties